

«Бекітемін»

Мектеп директоры

А.Юсупова

«№11 санаториялық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагог-психологы А.Сейдалиевтің 2021-2022 оқу жылына
арнап жасалған жұмыс жоспары.

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
1	1-сынып оқушыларының мектепке дайындығы, мектепке бейімделуі психологиялық дайындықтарын зерттеу	ДИАГНОСТИКАЛАУ «Баспалдақ»	1	Қыркүйек	Аналитикалық есеп	Педагог- психолог	
2	Жеке тұлғаның кәсіби түрін, кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын анықтау.	ДИАГНОСТИКАЛАУ Тест, сауалнама «Йовайши»	8-9 сын	Қыркүйек	Аналитикалық есеп	Педагог- психолог	
3	Оқушыларының жеке эмоционалық жағдайын, агрессия деңгейін зерттеу, бақылау.	ДИАГНОСТИКАЛАУ Айзенк тестісі	6-9 сын	Қазан	Аналитикалық есеп	Педагог- психолог	

4	Агрессия деңгейін анықтау	ДИАГНОСТИКАЛАУ «Кактус» әдістемесі	2 сын	Қараша	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
5	Жас мамандармен жұмыс	ДИАГНОСТИКАЛАУ Сауалнама	Жас мамандар	Қараша	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
6	Оқушылардың мазасыздық, өзін-өзі бағалау деңгейін анықта	ДИАГНОСТИКАЛАУ «Филипс» тесті, «Кондаш» тесті	3-5 сынып	Желтоқсан	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
7	Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау	Жеке интеллектуалды деңгейін зерттеу	Сұраныс бойынша	Жыл бойы	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
8	Жеке, топтық диагностикалар. (ата-аналар, мұғалімдер).	Сауалнама, тест	Сұраныс бойынша	Жыл бойы	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
9	Оқушылардың агрессия деңгейін анықтау	ДИАГНОСТИКАЛАУ	7 сын	Қаңтар	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
10	Суицидтің алдын алу жұмыстары	Тест, сауалнама, тренинг	1-9 сын	Жыл бойы	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
11	Оқушылардың бойындағы мазасыздықта анықтау	«Филипс» тесті	6-8 сын	Наурыз	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
12	Оқушылардың сабаққа қатысуын, тәртібін және эмоциялық күйлерін бақылау	Бақылау	1-9 сын	Жыл бойы	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	
13	Графикалық әдістеме (Оқушылардың қабылдауы мен дамуын бақылау)	Тест	1 сын	Желтоқсан	Аналитикалық есеп	Педагог-психолог	

14	«Үйшік» (Орехова)	Тест	1 сын	Ақпан	Аналитикалық есеп	Педагог- психолог	
15	«Агрессияға жок деп айт»	Түзету-дамыту жұмыстары	8-9 сын	Қараша		Педагог- психолог	
16	ЕББҚ оқушылармен жұмыс	Жаттығулар	ЕББҚ оқушылар	Жыл бойы		Педагог- психолог	
17	1-5 -ші сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу	Ойын-жаттығулар	Оқушылар	Қазан		Педагог- психолог	
18	Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру	Тренинг	Ұжым	Қазан		Педагог- психолог	
19	«Жетістікке жету өз қолында»	Тренинг, жаттығулар	9-сын	Қазан		Педагог- психолог	
20	Бастауыш сынып оқушыларының таным қабілеттерін дамыт	Дамыту жаттығулары	2 сын	Желтоқсан		Педагог- психолог	
21	«Агрессиядан шығару жолдары»	Жаттығу: «Интервью», «Күн».	7-8 сын	Қаңтар- ақпан		Педагог- психолог	
22	«Адами қарым- катынастар»	Тренинг	6 сын	Наурыз		Педагог- психолог	
23	Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс- шаралар, ата-аналар жиналыстары	Мектепшілік жиналыс	Жоспар бойынша	Жыл бойы		Педагог- психолог	
24	Таным қабілеттерін дамыту	Жаттығулар	4 сын	Сәуір		Педагог- психолог	

25	Дарынды, үлгерімі төмен оқушыларға арналған тұлғалық өсудің тренингтік сабақтары	Тренинг	5-9 сын	Жыл бойы		Педагог-психолог	
26	«Халқын сүйген, салтын да сүйеді»	Тренинг сабақ	1-4 және 6 сыныптар	Ақпан		Педагог-психолог	
27	Үлгермеуші оқушылармен дамыту жаттығулары	Дамыту жаттығулары, топтық кеңес	қажетті оқушылармен	Ақпан, сәуір		Педагог-психолог	
28	Кәсіби күйіп кетудің алдын алу бойынша мұғалімдерге арналған тренингтер	Тренинг	Сұраныс бойынша	Жыл бойы		Педагог-психолог	
29	«Эмоционалдық интеллект және сыни ойлау»	Тренинг	6-9 сыныптар	Наурыз		Педагог-психолог	
30	«Мен өмірді таңдаймын»	Тренинг	7-9 сыныптар	Наурыз		Педагог-психолог	
31	«Қыз өссе елдің керкі»	Тренинг	Қыздар клубы	Наурыз		Педагог-психолог	
32	«Мамандық таңдау өміріңнің бір кірпішін таңдау»	Тренинг	8-9 сыныптар	Мамыр		Педагог-психолог	
33	«Баланы мектепке оқуға бейімдеу»	Ағартушылық – профилактикалық бағыт Ұсыным	1 сынып ата-аналары, тәрбиешілері, сынып жтекшісі.	Қыркүйек		Педагог-психолог	

34	«Буллинг және кибербуллинг»	Баяндама	Ата-аналар, мұғалімдер	Қыркүйек		Педагог-психолог	
35	«5 сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері»	Ұсынымдар	5 сынып ата-аналары	Қазан		Педагог-психолог	
36	ДТЮ, медбике, бала құқығын қорғау инспекторымен бірлескен жұмыстар	Жоспар бойынша жеке диагностика	1-11 сыныптар Ата-аналар, мұғалімдер	Жыл бойы		Педагог-психолог	
37	«Жеткіншек жастағы кризистер»	Дәріс сабақ Баяндама	Ата-аналар 7 сынып оқушылары	Қыркүйек		Педагог-психолог	
38	Жасерекшеліктер психологиясы: жасөспірімдер бойындағы мінез-құлықтағы ауытқушылықтар	Түсіндірме жұмыстары	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Ата-аналар	Желтоқсан		Педагог-психолог	
39	Педагогтардың эмоционалды құлдырауы	Суретті ойындар	Ұжым	Қаңтар		Педагог-психолог	
40	«Ата-ана үшін – әр бала жұлдыз»	Тренинг, пси-лық қолдау	9 сынып Ата-ана	Қараша		Педагог-психолог	
41	«Баланың психологиялық денсаулығы»	Кеңес, ұсынымдар	Ата-аналар сынып жетекшілер	Ақпан		Педагог-психолог	
42	«Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ»	Кеңес беру, ұсыным	Ата-аналар Тәрбиешілері	Жыл бойы		Педагог-психолог	

43	«Қорқынышты қалай жеңемін?»	КОНСУЛЬТАЦИЯ БЕРУ Кеңес, ұсыным, жаттығулар	2 сынып	Қазан		Педагог-психолог	
44	Сұраныс бойынша психологиялық көмек және қолдау көрсету	Жадынама, әңгімелесу	Атан-аналар, оқушылар, мұғалімдер	Жыл бойы		Педагог-психолог	
45	«Қабілет және дарындылық»	Жадынама, әңгімелесу	3-4 сыныптар 6-8 сыныптар	Қараша		Педагог-психолог	
46	«Қыз бой жетсе»	Ұсыным, ойын-жаттығулар	Қыздар клубы	Қараша		Педагог-психолог	
47	Жас мамандармен жұмыс	Кеңес беру Ұсыныстар беру	Жас мамандар	Қараша		Педагог-психолог	
48	«Бос уақытынды дұрыс жоспарла»	Кеңес беру	9 сынып	Желтоқсан		Педагог-психолог	
49	Дарынды, үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық қолдау көрсету	Кеңес беру, ұсыным	Дарынды, үлгерімі төмен оқушылар	Жыл бойы		Педагог-психолог	
50	«Стресс және депресия»	Дәріс, кеңес беру, жадынама	6 сынып	Қаңтар		Педагог-психолог	
51	«Психологиялық денсаулық дегеніміз не?»	Ұсыным, кеңестер	8 сынып	Ақпан		Педагог-психолог	
52	«Мамандық тандауда қателеспе»	Ұсынымдар	8-9 сыныптар	Сәуір		Педагог-психолог	
53	«Балаға қалай қолдау көрсетем»	Ұсынымдар	Ата-аналар	Сәуір		Педагог-психолог	
54	«Емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек?»	Мини-лекция	9 сыныптар	Мамыр		Педагог-психолог	

55	Жоғарғы сынып оқушыларының бейімделу жағдайына қолдау көрсету.	Ұсыным	9 сыныптар	Қазан		Педагог-психолог	
56	Мектепшілік, қолайсыз отбасы есебінде тұрған оқушылардың деректер базасын құру	Ұйымдастыру-әдістемілік жұмыс Тізім жасау	1-9 сыныптар	Жыл бойы		Педагог-психолог	
57	Бейімделу сыныптардың психофизиологиялық бейімсіздігін дер кезінде анықтау бойынша психологиялық-медициналық комиссиямен ынтымақтастық орнату	Бірлескен жұмыс	Сұраныс бойынша	Жыл бойы		Педагог-психолог	
58	Психологиялық құпиялар айдары	Кеңес беру	Мұғалімдер Оқушылар Ата-аналар Тәрбиешілері	Сәуір		Педагог-психолог	
59	Психологиялық мотивация беретін әдебиеттермен таныстыру	Кітап оқу	Оқушылар	Желтоқсан		Педагог-психолог	

60	Баска мектептердің педагог-психологтарымен, психологиялық орталықтармен, білім беру әдістемелік және тәрбие бөлімдерімен өзара әрекеттесі	Бірлескен жұмыс	Психолог	Жыл бойы		Педагог-психолог	
61	«Сенім жәшігі» жұмысы	Өтініштер қаралымы	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы		Педагог-психолог	
62	Педагогикалық кеңес, директор жанындағы отырыстар, методикалық кеңес, педагогикалық консилиум отырыстары, мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу	Баяндама, хабарлама, рефлексия	Сұраныс бойынша	Жыл бойы		Педагог-психолог	
63	Мектеп психологының атқарылған жұмыстарының есебі	Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер Есеп беру	1-9 сынып	Жарты жылдық жылдық		Педагог-психолог	
64	Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша мектеп психологының атқарылған жұмысының есебі	Есеп беру	1-9 сынып	Жарты жылдық жылдық		Педагог-психолог	

65	Қауіпті сайттарға кірудің алдын алу, сенім поштасы, тәуекел тобындағы оқушылар бойынша психологтың сандық мәліметі	Есеп беру	1-9 сынып	Сұраныс бойынша		Педагог-психолог	
66	Диагностика нәтижелерін өңдеу (тесттер, сауалнамалар)	Анализ	Қорытынды	Жыл бойы		Педагог-психолог	
67	Құжаттарды реттеу (хаттамалар, диагностикалық карталар)	Анализ	Қорытынды	Жыл бойы		Педагог-психолог	

Педагог – психолог:  А.Сейдалиев

**«11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагог-психологы А.Сейдалиевтің 2021-2022 оқу
жылының жылдық мәтіндік есебі**

Жұмыс жоспары мектеп интернаттың алдына қойған негізгі мақсаттарына сәйкес жүргізіледі.

а) Балалардың денсаулықтарын сауықтандыруға баса назар аударылады.

б) Ұлттық сана сезімі ояпған, дені сау адамды тәрбиелеу.

Жұмыс мазмұнына байланысты психологиялық қызмет моделі мына бағытта жүргізіліп келеді:

- 1) Психодиагностикалық бағыт
- 2) Психопрофилактикалық бағыт.
- 3) Психокоррекциялық бағыт.
- 4) Психоконсультациялық бағыт.

Бастауыш сынып ұжымы оқушыларының ақыл ой деңгейі мен қабылдау, сөйлеу дәрежелерін анықтау бағытында психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

Қаңтар айының 15 жұлдызымен Ақпан айының 27 жұлдызы аралығында өткізілді.

Мектеп интернаттағы бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін, зейін, ес, ойлау, қабылдау және сөйлеу дәрежелерін зерттеуге мынандай педагогикалық-психологиялық диагностикалар жиынтығы қолданылды:



«Автопортрет»

«Мұнда не артық?»

«Не өзгерді?»

«Төрт топта бар бірдей заттарды атап көрсет»

«Әріптерден қыздың атын құра»

«Қисынсыздық»

«Саяхатқа не апару керек?»

«Ерекшеліктерді табу»

«Кіммен кім сөйлесуде?»

«Қиял дамыту»



Мектеп интернатта орта және жоғары сынып оқушылар арасында тәртіп бұзушылықты алдын алу негізінде іс-шаралар

жасалынды:



- 1) Жеке өмір қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру ұйымдастырылды.

Әлеуметтік педагог, Педагог - психолог, мұғалім. (Қаңтар)

- 2) Тәртіп бұзушылықты алдын-алу іс-шаралары және жеткіншектермен тренинг жүргізілді.

Педагог - психолог, әлеуметтік - педагог, тәрбиеші. (Ақпан)

- 3) Баланың денсаулығы және суицидті болдырмау, психологиялық қауіпті нормаларды бұзу кезінде туындайтын қиындықты жеңу жөнінде әңгімелесу, тренинг, кеңесулер өткізілді.


Әлеуметтік-педагог, Педагог - психолог, дәрігер. (Наурыз)



4) Жасөспірімдер инспекциясымен кездесу өткізілді.

Менің досым кім? тақырыбында пікірталас.

Педагог - психолог, Әлеуметтік - педагог, жасөспірімдер инспекторы.



5) Нашақорлық пен СПИД ауруларын алдын алу мақсатында 11-14 жас аралығына арналған кітапшалар таратылып, сұрақтарына нақты жауап - түсініктемелер берілді.

«Жастар мен Нашақорлық» тақырыбында лекция сабақтар ұйымдастырылды.

Педагог - психолог, тәрбиеші, тәрб. жөн. орынбасары, ата-аналар.



Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары.



Қолданылатын тренинг сабақтары мен коррекция бағдарламалары бастауыш сыныптарда 115 оқушыға ұйымдастырылды.

1. «Ертегілер әлемі», «Нүктелерді қос», «Қуаныш силау». «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымының Тәлімгерімен бірлесе қарым-қатынасты дамытуға арналған ойын жаттығулар ұйымдастырылды.

Изоляция, оқшаулануды жою мақсатында интернат ауласында түрлі жаттығулар ұйымдастырып отыру. Үлкендер арасында қысылмай өнер көрсетуге оны ары қарай дамытуға және жас балаға өз ойын нақты әрі анық жеткізуге үйрету мен бейімдеу басты назарда тұрады.

2. Мектеп күн тәртібіне бейімдеу және сәтсіздіктермен кемшіліктерін өздеріне мойындатуға арналған коррекциялық жұмыстар ұйымдастырылды.

3. Әріптерді және сандарды қабылдауды реттеуге, жылдам және қатесіз жазуға арналған коррекция жүргізілді.

4. Ересектермен қарым-қатынастарын оятуға, оның ішінде құрметтеу, силау, бағыну сезімдерін реттеуге баса назар аударылып, түрлі тақырыпта коррекциялық ойындар жүргізілді. (аулада) «Мен және сен», «Сұрақтар әлемі» тақырыбында тренинг жұмыстары ұйымдастырылды.

Коррекцияны жүргізу техникаларына сай Т-топтарын құрып отырамыз

Мақсаты: Барлық қатысушыларға әдемі мінез - құлық көрсетіп сол білімді отбасында пайдалануға жол көрсетті.



Орта буын және жоғары сыныптарға арналған «Бүгінгі тәрбие немесе тәрбие бүгіннен басталады», «Тәрбие көзі отбасы және татулығы» тақырып тарында пікірталас тренинг жұмыстары жасалынды.

1. «Оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым – қатынас жасай алу қабілеттерін» дамыту тренингі.

2. «Сөз», «Қуаныш», «» пікір алмасу тренингі.

3. «Басқа адамға көзқарас» (рольдік ойындар)

«Достыққа адал бол» (жақын достасуға жол ашу)

«Өзінді- өзің тани біл» (қасиеттерін дамыту)

«Ұстамды бола біл» (сезімді тежеуге үйрету)

«Мен болашақ ата-анамын» (жанұялық өмірге дайындау)

Жоғары сыныппен жасалған психокоррекцияда – оқушылардың мінез-құлқымен ішкі қасиеттерін өзгерту, әсер ету арқылы қиын жағдайдан шығу жолын бірге іздеуге баса назар аударылады.

Тренинг және психокоррекцияға қатысушының психологиялық проблемасына байланысты өзіме қажет топтарды психологтың қай ғылыми ағымды қолдайтынына сай іріктеп аламын.

1. Т-топтарын құруға дайындық жүргізіп отырамыз.

Шындық бар екеніне сендіру, ұжымшылдық, иммитация – жағымды мінезді қайталауға, көрсетуге үйретіп бейімдеп отырамын.

Психологиялық проблемалары құпия сақталатынына сендіруге назар аударылады.

2. Гештальтті құру.

Оқушылардың өз қажеттіліктерін толық түсінуге және өздерін тұңғыықтан алып шығу жолдары үйретіледі.

Жауапкершілікті өз мойнына алдыру жаттығулары ұйымдастырылды.

Оқушыларға өзінің ішкі ресурстарын іздеуге жәрдемдесу жүргізіледі.

Мысалға: «Сана-сезімді түсіну» «Өтірік өрге баспайды» жаттығуларын ұйымдастырамыз.

3. Анықталған оқушының уайым қайғысын байқау, тексеру мақсатында драматизация көрсетіліп, жүргізіп отырамыз. Жатақханада оқушылардың бір-біріне эмпатия білдіруіне, жағдайларын терең сезінуге назар аударылады.

4. Коррекция техникаларына сүйене отырып (арттерапиялық техника) отырып Мырзакерим Жантөре шығармашылық түрдегі жұмыстар (сурет, графикалар) ұсынылды. Нәтижесінде ішкі сезім талпыныс толқуларындағы жайттарды бейнелеуіне мүмкіндік берді.

Жоғары сынып ұжымдарында жүргізілген тренинг жұмыстарында тақырыптарына байланысты түрлі фото суреттер, отбасы мүшелері суреттері, көрсетіліп қолданылады.

Өтілген тренинг материалдары: «Мен және Біз», «Өзінді таны», «Жастар және Нашақорлық», «Девиантты баланың өсуі», «Зат ойлап тап» тренинг сабақтары, психологиялық сабақтар, жаттығулар.


Доппен жұмыс «Сәлем» ойын жаттығуы

«Жағымды сөздер» ойын жаттығуы

«Мадақтау» ойыны

«Жазалау» ойын жаттығуы

«Туған күн» жаттығу ойындары.



Оқушылар арасындағы қиын балалармен жекеше түрде жұмыстар:



Анықталған 36 оқушымен сәтсіздіктеріне және қиыншылықтарына байланысты психологиялық жәрдем берілді.

1. Мазасыздық деңгейін төмендету.
2. Ішкі сенімді тудыру және қалыптастыру.
3. Балалардың шын мәнінде үлкен досына айналу ісі.
4. Оқушының сәл жеткен жетістіктерін қолдап жүру.
5. Сыныптағы татулықты қалыптастырып отыру.
6. Оқушыларға жан-жақтан жоғары талап қоюшылықты азайту мақсатында бақылап-қадағалап отыру.
7. Өзіне деген бағалауы мен сенімін көтеріп отыру.

«Мен қандаймын» - вербальдік шкаласы бойынша 24 оқушыдан сұраныстарына орай өзіндік бағалау жұмысы алынды.

Орта және жоғары сынып ұжымынан күнделікті өмірде кезігетін мәселелерді анықтау, талдау, оларды бірлесе шешу мақсатында 56 оқушыға анкеталық сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде жауаптарының қортындысына сай оқушылар арасында топтық немесе жекеше түрде түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыстар мазмұны:

1. Жеке басындағы қиындықтарды кіммен ақылдасып шешетіндігі жайында сұрақ-жауап.
2. Бала тәрбиесімен нақты кімдер айналысу керектігі жөніндегі ойларын толықтыру.
3. Ата-анамен қарым-қатынас жүргізуде дұрыс және тура бағыт көрсету.
4. Ішімдік пен сигареттің зиянды тұстарын талдап, түсіндіріп беру.
5. Жолдастары немесе кездесіп тұратын шынайы достары жайында әңгіме, түсіндіру жұмысы.
6. Наркотиктер, стимуляторлар мен транквилизаторлар, түнгі клубтар, атыс-тартыс туралы алған информациялары жайында тура түсінік беру.
7. Қоғам, өмір, достық, махаббат, сенім, қарым-қатынас тақырыптарында сыпайы әңгіме жүргізу.
8. Жыныстық қатынас және сол жолмен берілетін жұқпалы аурулар, (СПИД) жөнінде нақты түсіндірмелер жүргізілді.